

2016 жылғы 29 маусым

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2016 жылғы 22 сәуірдегі № 172
бұйрығымен бекітілген

Энергия өндіруші ұйымдардың күзгі-қысқы кезеңде пайдаланатын отын қорының нормасы

1. Қатты және сұйық отынмен жұмыс істейтін энергия өндіруші ұйымдар үшін:
 - 1) жеткізу қашықтығы 200 километрге дейін болғанда 10 тәулікке арналған негізгі және резервті отын мөлшері;
 - 2) жеткізу қашықтығы 200 километрден астам болғанда 20 тәулікке арналған негізгі және резервті отын мөлшері.
2. Газ тәрізді отынмен жұмыс істейтін энергия өндіруші ұйымдар үшін, оларда қатты отын және (немесе) мазут: авариялық отын, 5 тәулікке арналған отын мөлшері; резервті отын, 10 тәулікке арналған отын мөлшері болып табылады.
3. Мазут жағатын отын болып табылатын энергия өндіруші ұйымдар үшін: 10 тәулікке арналған отын мөлшері, бұл ретте бір мезгілде жағылатын агрегаттар с а н ы :
электр станциясында – номиналды өнімділігінен 30%-ға дейін жүктемесі бар 4x200 мегаватт, 3x300 мегаватт және одан жоғары блоктардан;
жылу электр орталығында – номиналды өнімділігінен 30%-ға дейін жүктемесі бар екі ең үлкен қазаннан аспауға тиіс.